«Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 11: Молодежь и наука». – 2015. – **Т.1, ч.2**. - Б.210-212

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫ ДАМЫТУ БАРЫСЫНДА ШАБЫНДЫҚТАР МЕН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҚСАРТУ

Кожабекова Б.С.

Қазақстанда табиғи мал азықтық жерлер, барлық жер көлемінің 70%-дан астамын алып жатыр. Бірақта осыншама аймақтан алынатын азық көп емес. Оның негізгі себебі шабындықтар мен жайылымдардың өнімнің төмендігінде.

Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуді мақсат етіп отыр. Осы орайда бізге жүктелер міндеттер аз емес.Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясында:Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге және инновациялар енгізу үшін жоғары әлеуетке ие. Ет өндірудің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны жүзеге асыруды белсендірек ету қажет.Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жемазық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді тапсырамын деп айтылды.[1]

Қазақтандағы табиғи шабындықтар мен жайылымдардан соңғы жылдары алынған өнімін талдау олардағы түсімнің төмендігін байқатты. Шөлейт және шөл аймақтарда да мал азықтық жерлерді шектен тыс және жүйесіз пайдаланудың салдарынан шабындықтар мен жайылымдар тозып, көп жерлер эрозияға ұшыраған. Әсіресе ауыл маңайларының шөбі мал тұяғынан тозып топырағы шаңданып кеткені байқалады. Ғылыми мәліметтер бойынша Республика бойынша тозып кеткен жайылымдар көлемі 48 млн. гектардай, оның 2 млн. гектардайы өте тозып, эрозияға ұшыраған жерлер деп танылды. Ғылыми зерттеу мекемелерінің тәжірибелері көрсеткендей мұндай жерлерді алдыңғы қатарлы жақсрату технологияларын қолдана отырып, жақсарту арқылы өнімін 3-5 есеге дейін көтеруге болады. Республиканың сай-салалық жерлеріндегі табиғи шалғындықтарды түбегейлі жақсартудың тиімділігі жоғары. Екпе шабындықтар мен жайылымдардың өнімділігі және азық сапасы, табиғи шалғындықпен салыстырғанда екі-бес есеге дейін, тіпті одан да көпке асып түседі. Оған мынадай ғылыми зерттеулердің нәтижелерін келтіруге болады. Орал тәжірибе стансасының далалық аймағында жоңышқалы-еркекшөпті екпе шабындықтың пішендік түсімі үш жыл ішінде орта есеппен 16,2 ц/га болды, ал табиғи жердің өнімділігі гектарынан 3,4 ц ғана болған. Шөлейт аймақта да табиғи мал азықтық жерлерді түбегейлі жақсарту тиімділігі жоғары. Мысалы, Ақтөбе азық өндіру және жайылым тәжірибе стансасында 8 жылда көпжылдық екпе шөптер (еркек шөп) әр гектардан орташа 11,4 пішен берген Шөлейт аймақтарда екпе шалғындықтар жасауға шөптің мәдени түрлері мен сорттарынан басқа жергілікті жағдайға икемделген жабайы көпжылдық мал азықтық өсімдіктерді пайдалануға болады. Табиғи мал азықтық жерді түбегейлі жақсартудың екі әдісі бар. Соның

бірі-жеделдетіп шалғындандыру. Бұл әдіс бойынша ылғалды аудандарда табиғи жерді жыртқаннан кейін, немесе бір жылға парға қалдырғаннан кейін келесі жылы бірден көпжылдық шөп себеді. Екінші әдіс-шалғындандыруға жоспарланған жерге алдын ала,1 немесе 3 жыл қатарынан біржылдық мал азықтық дақылдар немесе жемдік астық дақылдар өсіріп, содан кеін көпжылдық шөп себеді. Бұл тәсіл алдын ала шымдау деп аталады. Қазақстанның шаруашылықтарында түбегейлі жақсарту әдісінің екі түрі де қолданылады. Жеделдетіп шымдау республиканың далалық, шөлейт және шөлді аймақтарында қуатты шымдалмаған шабындықтар мен жайылымдарды жақсартуға қолдану тиімді. Бұл әдіс Қазақстанның табиғи мал азықтық жерлерін жақсартудың негізгісі болып есептеледі.

Екінші әдіс-жақсартатын тың және тыңайған жерлерге алдын ала мал азықтық дақылдар себу. Бұл әдісті шаруашылықтарда бірінші әдіспен қатар қолдану тиімді Өйткені екпе жауылымдар құрғанда алғашқы жылдары малды көктемдік, жаздық және күздік кезеңдерде жасыл азықпен үздіксіз қамтамасыз ету үшін біржылдық екпе шөптердің маңызы зор.

Табиғи мал азықтық жерлерді түбегейлі жақсарту жүйесінде мынадай технологиялық шаралар атқарылады:

1. Түбегейлі жақсартатын шалғындық таңдау;
2. Шымтопырақты негізгі өңдеуге дайындау (топырақты жырту алдында өңдеу, тың және тыңайған жерді жырту);
3. Қазақстан аймақтарында шымтопырақ жерді жырту мезгілін анықтау;
4. Тыңайтқыштардың мөлшерін анықтау және топыраққа шашу;
5. Екпе шабындықтар мен жайлымдар жасау үшін шөп түрлерін және қоспаларын таңдау;
6. Себу мерзімін анықтау;
7. Себу тәсілдерін анықтау (жамылғымен немесе жамылғысыз);;
8. Себілген жылы шөп қауымын күтіп, баптау (1-шы жылы);
9. Екінші және одан кейінгі жылдары шөп қауымын күтіп, баптау жұмыстары;

Келешекте егістік жерлерден мал азығын өндіру мынадай негізгі бағыттарда жүргізілуі тиісті: әр аймақта мал азығы егістерінің құрылымын жетілдіру; мал азықтық дақылдардың өнімін көтеру; аралық аңыздық және тығыздалған егістіктерді шаруашылықтарға кеңінен енгізу; жасыл конвейрлерді кеңінен қолдану; егістіктен алынатын мал азықтарын жаңа технологиялар бойынша дайындау; мал азықтандыруды ғылыми жолға қою. [2]

Республикада мал шаруашылығын қарқынды дамыту үшін келешекте егістікте мал азығы дақылдарының себілу көлемін кем дегенде 3 есеге дейін көбейтіп, әр гектардан өнімін 2,0-2,5 тн а.ө. дейін жеткізу керек.

Келесі онжылдықта жарық және бейнелеу әдістер технологиялары бірегей революцияда алыс салдарлары бар.

Органикалық жарық шығаратын аванстар диодтар, LCD және плазмалық технологиялар,гиперспектрлі кескінге сәйкес үш өлшемді дисплейлердің дамуы, әлемдегі сегіз миллиард адамдарды тамақтандыруға және экологиялық өзгерістерді алдын-алуына көмектесіп, жыл бойы ауыл шаруашылық дақылдарының өсуін жақсартады, сонымен қатар фермер шаруашылықтарына оң әсерін береді.[3]

Қорыта айтқанда, республикамыздың агроөнеркәсіп кешенін өркендетудің «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жасақталған жем-шөп өндіруді арттыруға арналаған іскерлік жоспардың табысты іске асуына ғылым жетістіктері негізінде жасақталған «жасыл» технологиялар кең жол ашады деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі

1.Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары. 12 желтоқсан 2012 ж. №449

2.Қ.Әубәкіров, Т. Атақұлов, А.Ахмет Мал азығын өндіру Алматы, 2011, 145 бет

3.Издательство 2014. Thomson Reuters. THE WORLD IN 2025 10 PREDICTIONS OF INNOVATION, 13 p.